

«№24 «Ұшқын» негізгі орта мектебі» КММ

"Ұлағат" Әкелер кеңесінің Жұмысы

Ұшқын ауылы

2023-2024 оқу жылы

Әкелер кеңесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Мектеп Әкелер кеңесінің ережесі ҚР «Білім беру» Заңы, ҚР «Бала құқығы» Заңы, ҚР «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» Заңдарын негізге ала отырып жасалды.

1.2. Әкелер кеңесі қызметі Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті-құқықтық актілерімен іске асады.

1.3. Әкелер кеңесі мектептің ата-аналар жиналысының бөлімі болып табылады.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Әкелер кеңесін құрудың мақсаты отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.

2.2. Өз қызметінде Әкелер кеңесі келесі міндеттерді шешеді:

2.2.1. Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету.

2.2.2. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау

2.2.3. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

3. Әкелер кеңесінің құзіреті

3.1 Әкелер кеңесі құзіретіне кіреді:

- оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында қоғамдық бақылауды ұйымдастыру;
- өмірлік қиын жағдайға тап болған ата-аналармен, оқушылармен қоғамға жат әрекеттер мен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсініктеме жүргізу;
- педагог қызметкерлерге ішімдікке, темекі тартуға, қоғамға қарсы жат мінез құлықтар көрсетудің алдын алу шараларын ұйымдастыруда көмек көрсету;
- кеңеске жергілікті басқару мекемесінен, қоғамдық ұйымдардан өкіл, жеке кәсіпкерлерді, бұқаралық ақпарат қызметкерлерін шақыру;

4. Әкелер кеңесінің құқығы мен жауапкершілігі

4.1. Әкелер кеңесінің құқығы:

- жасөспірімдердің қоғамға қарсы әрекеттерімен, қиын отбасылармен жұмыс істеуге, шешімдер шығаруға;
- жасөспірімдердің құқығы мен заңды қызығушылықтарын қорғауда өз көзқарастарын кіргізе алады;
- жасөспірімдерді қоғамға жат мінез құлық көрсетуге, құқық бұзуға тартатын ұйымдарды, жеке адамдарды жауапкершілікке тарту мақсатында мемлекеттік орындарға шағым жасауға;
- сұрақтарға жауап беру үшін әкелер кеңесі құқық қорғау қызметкерлері, қамқоршы және қорғаншы орындарынан сұрақтарға жауап беру үшін қызметкерлер шақыра алады;
- әкелер кеңесі қабылдаған шешіммен барлық қызығушы адамдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы мекемелер таныса алады.

5. Әкелер кеңесі мүшелері

5.1. Әкелер кеңесі мүшесі болып ата-аналар ұсынған (заңды өкілдері) әкелер бола алады.

5.2. Әкелер кеңесі шақыруымен әкелер кеңесі жұмыстарына жергілікті өзін-өзі басқару мекемелері, ОВД инспекторы, қамқоршылық бөлімінен қызметкерлер қатыса алады.

5.3. Әкелер кеңесінде дауысты тек әкелер кеңесі мүшелері, инспекторы, қамқоршылық бөлімі өкілі бере алады.

5.4. Отырысты бірінші жиналыста көп дауысқа ие болып сайланған председатель жүргізеді.

5.5. Хаттама жазу үшін кеңес мүшелері ішінен хатшы сайланады.

6. Әкелер кеңесі жұмысын ұйымдастыру және жүргізу

6.1. Әкелер кеңесі отырысы жылдық жоспар бойынша өткізіледі немесе кезектен тыс мәселелерді шешуде жылына 2-ден кем емес.

6.2. Әкелер кеңесі мүшелері мектеп бұйрығымен бекітіледі.

6.3. Әкелер кеңесі отырысы мүшелерінің $\frac{2}{3}$ бөлігі жиналғанда өкілетті болып табылады.

6.4. Әкелер кеңесі шешімін мүшелерінің 50 пайызы дауыс берілгенде қабылданады.

6.5. Әкелер кеңесі хаттамамен рәсімделеді, онда уақыты, қанша адам жиналғаны және қаралған мәселелер көрсетіледі

6.6. Әкелер кеңесі отырысының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды.

КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№24 «ҰШҚЫН» НЕГІЗГІ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОСНОВНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №24 «УШКЫН»
ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА

Ұшқын ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі №10
Тел +7(72532)78339

село Ушкын, улица А.Молдагулова №10
Тел +7(72532)78339

БҰЙРЫҚ

№

ПРИКАЗ

Ұшқын ауылы

25.09.2023 ж.

**«Әкелер мектебін»
құру туралы**

№24 «Ұшқын» негізгі орта білім беретін мектебі мемлекеттік мекемесінде және Ұшқын ауылында оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу және болдырмау мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте құқықбұзушылықтың алдын-алу және оны болдырмау мақсатында елді мекеннің жергілікті тұрғындарынан «ӘКЕЛЕР КЕҢЕСІ» құрылсын.
2. Мектептің «ӘКЕЛЕР КЕҢЕСІ» төмендегі құрамда бекітілсін:

Төрағасы: А.Ахметов

Мүшелері: Тулендиев Жорабек


Ережепов Нүркен

Тиллаев Қуанышбек

3. «ӘКЕЛЕР КЕҢЕСІНІҢ» жұмыс жоспары түзіліп, жоспар бойынша жұмыс жүргізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігін бақылау мен басшылық жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султановқа жүктелсін.

Мектеп директоры:

Ө.Ахметов.



«№24 «Ұшқын» негізгі орта білім беретін мектебі» КММ

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

27 қыркүйек 2023 жыл

Ұшқын ауылы

Қатысқаны: 25

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Әкелер мектебі» туралы. (Мектеп директоры *Ө.Ахметов*)
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу туралы. (ДТЖО: *Б.Султанов*)


Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры *Ө.Ахметов* сөз алып, «**Әкелер мектебі**» қазіргі жағдайда өте қажет екенін айтты. Бұл мектеп ұжымына деген ата-аналардың көзқарасын өзгертеді деп ойлайтынын айтты және өзі ұсынған кеңес мүшелері жайлы ұсыныс жасап өтті. Осы мәселе бойынша ата-аналар кеңесінің төрағасы сөз алып, мынадай ұсыныс жасады: ол әкелер кеңесіне мына құрамда ұсыныс жасады, осы құрамды бекітуді сұрады. Бірауыздан ата-аналар ұсыныстарын мақұлдады.
2. Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары *Б.Султанов* сөз алып, мектептегі балалардың жалпы тәртібі жайлы айтып өтті. Бүгінгі таңда жасөспірімдер мен мектеп оқушылары арасында тәртіп бұзушылықтар, кейде қылмыстар болып жатыр. Осыған байланысты ата-аналар тарапынан бақылау жұмыстары аз жүргізіледі. Ата-аналар нарыққа байланысты ақша табу үшін үйінде көп болмайды, балалар қараусыз қалып, әртүрлі зиянды әрекеттермен, ұрлықтар мен айналысуға мәжбүр. Сондықтан, біз ата-аналарға бақылау жасау үшін біраз іс-шаралар жоспарлап отырмыз. Оның алғашқысы –әкелер алқасын құру. Сонда оқушылар мен ата-аналар арасында тығыз байланыс, бақылау болады деп үміттенеміз.




Ата-аналар жиналысы шешім етеді:

- 1) «**Әкелер мектебі**» мен мектеп арасындағы байланыс одан әрі жақсартылсын;
- 2) Мына төмендегі құрамда әкелер алқасы сайлансын:
Төрағасы: *Ахметов Абдурахым*
Мүшелері: *Тулендиев Жорабек*
Ережепов Нүркен
Тиллаев Қуанышбек

- 3) Әкелер кеңесінің мүшелеріне міндеттері, жұмыс жоспары бекітілсін;
- 4) Жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу іс-шаралары жасалынып, бекітілсін және оған жауапты болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов бекітілсін.


Жиналыс төрағасы:  **А.Ахметов**

Хатшысы:  **Н.Ережепов**



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

 А.Ахметов

№24 «Үшқын» негізгі орта мектебі бойынша

«Ұлағат» әкелер кеңесінің жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Ұлағат» әкелер кеңесінің жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Әкелер кеңесінің төрағасы: Ахметов Абдурахым
2	Әкелер кеңесі мәжілісін өткізу.	Токсанына 1 рет	Әкелер кеңесі мүшелері
3	Жалпы мектепшілік іс-шаралар кезінде ерікті жасақтың кезекшілігін ұйымдастыру.	Мектеп жоспары бойынша	Әкелер кеңесі мүшелері
4	Оқушыларды тәрбиелеу мәселелері бойынша әкімшілік жиналыстарға қатысу.	Әр жұма сайын	Әкімшілік, әкелер кеңесі мүшелері Б.Султанов У.Кулдасова
5	Кешкі уақытта мұғалімдермен бірлескен рейдтер жүргізу.	Кесте бойынша	Сынып жетекшілер Ата-аналар комитеті, Әкелер кеңесі мүшелері
6	Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру рейдтері	Айына 1 рет	Әкелер кеңесі мүшелері
7	«Сәтсіз» отбасыларды; мектепшілік есепте тұрған оқушылармен құқық бұзушылықтардың алдын-алу жөніндегі әңгімелер жүргізіп, балалардың отбасын аралау.	Жыл бойы	Әкімшілік, әкелер кеңесі мүшелері
8	Мектеп ережесін бұзушы балалармен алдын-алу жұмыстары.	Уақытында	Әкелер кеңесі мүшелері
9	Ер балалармен темекі шегудің, ішімдіктің, нашакорлықтың зияны туралы алдын-алу әңгімелері (мамандармен кездесу)	Жыл бойы	Әкелер кеңесі мүшелері
10	Оқушылардың денсаулықтарын сақтау жұмыстарына ықпал ету, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына тарту.	Спорттық іс-шаралар жоспары бойынша	Әкелер кеңесі мүшелері
11	Әртүрлі жалпы мектепшілік шараларды ұйымдастыру мен өткізуге көмек жасау.	Жыл бойы	Әкелер кеңесі мүшелері
12	«Жыл ата-ана» байқауы	Қараша	Б.Султанов Ата-аналар комитеті Әкелер комитетті.
13	«Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында кеш ұйымдастыру.	Қаңтар	Әкелер кеңесі мүшелері
14	«Ана алақанының аясы, ақ шынардың саясы» мерекелік кеш	Наурыз	Әкелер кеңесі.
15	«Баламның болашақ мамандығы» педагогикалық-психологиялық кеңес		У.Кулдасова
16	7-9 мамыр мерекелерін ұйымдастыру.	Мамыр	Әкелер кеңесінің мүшелері


Әкелер кеңесінің төрағасы:



А.Ахметов

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

 **Ө.Ахметов**

**№24 «Үшқын» негізгі орта мектебі бойынша
«Ұлағат» әкелер кеңесінің отырыстары
2023-2024 оқу жылы**

№	Атқарылатын жұмыстар	Күні	Жауапты
1	1.Жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2.«Ұлағат» әкелер кеңесінің төрағасын, мүшелерін тағайындау. 3.Ағымдағы мәселелер.	Қыркүйек	Б.Султанов
2	1.Ата –аналармен атқарылған жұмыстардан хабарлама . 2.Мектеп оқушыларының сабаққа қатысы туралы хабарлама 3.«Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңының орындалысы » хабарлама 4.Ағымдағы мәселелер.	Қараша	Б.Султанов У.Кулдасова Ата-аналар комитеті төрағасы: Х.Қайназаров
3	1. «Ұлағат» әкелер кеңесінің жұмысынан хабарлама. 2. «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен»тақырыбындағы семинарды жоспарлау, 3. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар барысы. 4.Жайсыз отбасылармен атқарылған жұмыстар жайы.	Ақпан	Әкелер кеңесі төрағасы: А.Ахметов Б.Султанов М.Асанова А.Рахимбердиев
4	1. Тренинг. «Әке –отбасы қорғаны» 2.«Тұлпар» ұлдар ұйымының жұмысынан хабарлама 3.Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстардан хабарлама. 4.Мемлекеттік рәміздердің орындалысы.	Сәуір	У.Кулдасова Б.Султанов М.Асанова

Әкелер кеңесің төрағасы:

 **А.Ахметов**